

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

5. Боровцова Л.А. Профилактика речевых нарушений у детей раннего возраста / Л.А. Боровцова, Л.Ф. Козодаева // Психолого-педагогический журнал Гаудеамус. - 2015. - №1. - Т. 25. - С. 112-120
6. Александрова Н.Ш. Может ли естественный билингвизм быть вреден? Вестник РУДН. Серия: Вопросы образования: языки и специальность. 2017; Т. 14; № 2
7. Архипова Е.Ф. Логопедическая работа с детьми раннего возраста. М., 2007.

ӘОЖ 316.772

## **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІК ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ**

**Махадиева Асель Каратаевна**

**Махадиева Асем Каратаевна**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Педагогика кафедрасының доцент м.а., PhD, Астана, Қазақстан  
Шымкент университеті, Педагогика кафедрасының аға оқытушысы., PhD, Астана, Қазақстан

Қоғамды цифрландыру жағдайында мектептің білім беру үдерісіне интернет пен әлеуметтік желілерді тартуға байланысты, балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру мәселесі ерекше маңызға ие болды. Цифрлық орта, бір жағынан қолжетімді және сапалы білім алу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету құралы болып табылса, ал екінші жағынан, интернет пен әлеуметтік медиа - бұл агрессивті мінез-құлық, интернет қорлау, яғни мектептегі зорлық-зомбылықтың жаңа түрі-кибербуллинг түрінде көрінетін кеңістік [1, 141-143].

Балалар мен жасөспірімдер ортасындағы буллингтің анықтамасын 1993 жылы Норвегиялық психолог Д.Олвеус берген: «буллинг (қорлау) - бұл билік немесе күш теңсіздігін қамтитын қасақана жүйелі түрде қайталанатын агрессивті мінез-құлық» деп көрсетті [2].

Бұл мәселе 21 ғасырдың басында балалар ұжымы аясында ең көп талқыланған тақырыптардың біріне айналды. Буллинг кез келген жаста пайда болуы мүмкін, алайда, буллингтің пайда болуының ең ықтимал кезеңдері де бар. Мұндай жас кезеңі – жасөспірімдік жас болып табылады. А.В. Петровский пікірі бойынша жасөспірімдік шақ «өзінің даралығын (жеке тұлғалығын) белгілеу үшін құралдар мен тәсілдерді іздеумен сипатталады. Осылайша, жасөспірім өзінің құрдастары арасында мінсіз өкілдік ету қабілетін барынша жүзеге асыра отырып, өзінің жеке даралығын іс-әрекет арқылы трансляциялау үшін барлық ішкі ресурстарын жұмылдырады ... ». Жасөспірім бірінші кезекте, өзінің қандай да бір іс-әрекеттерінде көрінетін қасиеттерін мақұлдайтын немесе қолдамайтын құрдастарының тобымен өзін байланыстырады». Кіші мектеп жасымен салыстырғанда жасөспірімдік шақта әлеуметтік қатынастардың сипаты өзгереді, өзін түсінуге және қалыптастыруға тырысады. Осы күрделі процестер шеңберінде жағымсыз ауытқулар спектрі пайда болуы мүмкін, олардың бірі -буллинг болып табылады [3].

Ал интернет желісіндегі қорлау кибербуллинг деп аталды. Кибербуллинг-бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (интернет және ұялы телефондар) арқылы басқаларға зиян келтіру мақсатында жеке адамдардың немесе топтардың қасақана, қайталанатын дұшпандық әрекеті. Ол жәбірленушінің эмоционалды саласының нашарлауына немесе оның әлеуметтік қатынастарының бұзылуына апарады. Жасөспірімнің әлеуметтенуінде қиындықтар мен девиантты мінез-құлықты пайда болуына, сондай-ақ оның болашақта өзін-өзі жүзеге асыру қабілетіне кедергі келтіретін тұрақты жеке өзгерістерге әкелетін виртуалды психологиялық террордың травмалық салдары да (депрессия, суицид және т.б.) бар [4, 177].

Мектеп-бұл адамның ересектенуі жүзеге асатын әлем. Ересектерге қарағанда жасөспірімдерде күшті психика және буллингке қарсы тұру мүмкіндігі жоқ. Ересек адам үшін көңіл аударуды қажет етпейтін нәрсе жасөспірімнің психикасы үшін нағыз трагедия болуы мүмкін. Сондықтан қорқыту және кибербуллинг балалар мен жасөспірімдердің өзекті мәселесі болып табылады. Мектептегі зорлық-зомбылық пен қысымшылық, соның ішінде кибербуллинг оқу міндеттеріне сәйкес келмейтін және бүкіл мектеп ортасына теріс әсер ететін мазасыздық, қорқыныш және сенімсіздік атмосферасын тудырады. Соңғы жылдары отандық зерттеушілер кибербуллинг мәселесіне қызығушылығы арта түсті. Оған себеп кибербуллинг құбылысының жасөспірім кезінде өршуінде болып отыр.

ЮНЕСКО-ның баяндамасы бойынша әлемдегі әрбір үшінші оқушы өз құрдастарының немесе сыныптастарының қорлауы мен зорлық-зомбылығының әртүрлі түрлеріне тап болады. Бұл қазіргі заманның үлкен мәселесі. Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының «Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінез – құлқы»-Health behaviour in school-aged children зерттеуіне сәйкес 11-15 жас аралығындағы әрбір бесінші қазақстандық жасөспірім буллингтің құрбаны немесе қатысушысы болады. Қазақстанда 2018 жылы жүргізілген зерттеу бойынша 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 17%-ы мектепте айына бір рет немесе одан да көп рет қудалаудың, буллингтің құрбаны болады. Буллингтің құрбандары көбінесе ауыл оқушыларымен салыстырғанда қала оқушылары ұшырайды [5].

Ал ресейде Интернет-технология орталығының 2017 жылы жүргізілген зерттеу бойынша кибербуллингке ресейлік жасөспірімдердің 48% ұшырайтыны анықталған [6, 165-167].

БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ) Албания, Бангладеш, Бразилия, Гамбия, Нигерия, Үндістан, Индонезия, Франция және Украинаны қоса алғанда, әлемнің ондаған елдерінен келген 170 мың жасөспірімге жасырын сауалнама жүргізді. Суалнама нәтижесі бойынша әрбір үшінші жасөспірім интернет қудалаудың құрбаны болғанын мәлімдеген. Әрбір бесінші жасөспірім құрдастарының қорлауына байланысты мектеп сабақтарын өткізіп алғанын хабарлайды. Интернет қорлаудың негізгі алаңдары- Facebook, Instagram, Twitter және т.б. әлеуметтік желілер [7].

Әлеуметтік медиа жыл сайын бүкіл әлемде қарқын алуда және 2020 жылы басталған коронавирустық пандемия бұл процесті жылдамдата түсті. Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, әлемдегі пандемия кезінде білім берудің онлайн режиміне ауысуына байланысты интернет-трафик 47% өскен [8].

Кибербуллинг-бұл интернет кеңістігіне керемет жылдамдықпен еніп келе жатқан жаңа құбылыс. Бұрын тек әлеуметтік ортада болған психологиялық және физикалық зорлық-зомбылық мәселелері енді виртуалды жағдайға көшті. Бір қарағанда, мұндай қорлаудың түрі зиянсыз болып көрінеді. Бірақ кибербуллинг пен дәстүрлі нақты қорқытудың айырмашылықтары интернеттің ерекшеліктеріне байланысты, яғни: анонимділік, кең аудиторияның болуы, тәулігіне 24 сағат шабуыл жасау және жоққа шығару мүмкіндігі. Қазіргі уақытта интернеттегі зорлық-зомбылық мәселесі жасөспірімдердің психологиялық денсаулығына қауіп төндіретіндіктен өзектілігі жоғарлай түсуде. Кибербуллинг құрбандары өз мәселелерін ересектермен бөлісуден қорқады, өйткені олар интернетке кіруден айырылуым мүмкін деп ойлайды. Өкінішке орай ақпараттық технологиялар ғасырында қазіргі жасөспірім барлық бос уақытын интернетте өткізіп келеді [9, 153-157].

Шетелде кибербуллинг құбылысы теориясының негіздерін Е.Роланд, А.А.Бочавер, К.Д.Хломов, А.А.Баранов, С.В.Рожина, Е.Д.Муханова, Е. Н. Волкова, И.В.Волкова, Е.С.Ефимова, А.С.Голубовская және т.б. зерттеді. Бұл жұмыстарда кибербуллинг пен оған араласуы арасындағы өзара қатынастар көрсетілген. Кибербуллингтің мектептердегі атмосфераға әсерін К.Блейн анықтады, ал О.Юбарра кибербуллинг пен депрессиялық

күйлердің байланысын зерттесе, С.Хидуя және Дж.В.Патчин кибербуллинг пен суицид арасындағы байланыс мәселесін қарастырды [10, 263-264].

Интернет-алаңның пайда болуы қорлаудың жаңа түрін тез таратты, мұнда құрбан болатын адаммен тікелей қарым-қатынас жасамай виртуалды кеңістікте қарым-қатынас жасай отырып жеке адамға зорлық-зомбылықты жүзеге асыру мүмкіндігі туды. Адамды агрессивті қудалау әртүрлі заманауи технологияларды қолдана отырып, жаңа формаларға ие болды. Кибербуллингтің қауіптілігі-қорлау үдерісіне басқа адамдар да қатыса алады және олардың келісімімен санаспайды да. Кибербуллингтің мынандай түрлерін көрсетуге болады:

-*Тікелей кибербуллинг*-бұл сыныптастары ойластырған мақсатты компания: баланы заманауи технологиялар кеңістігінде хаттар немесе хабарламалар арқылы қорлайды. Адам туралы оның қадір - қасиетін кемсіту және төмендету мақсатында шынайы да, жалған да ақпаратты таратады.

-*Жанама кибербуллинг* түрінде- ұялы телефон арқылы қауіп-қатерлі хабарламалармен жаппай шабуыл жасау арқылы жәбірленушіні қорлау үдерісіне басқа адамдарды да (балалар да, ересектерді де) тартады. Қудалаушы жәбірленушінің аккаунтын бұзып, иесіне еліктей отырып, сол аккаунттан жәбірленушінің таныстарына хабарлама жібере алады, жәбірленушінің коммуникативті өрісін бұзады және оның моральдық қасиеттеріне күмән тудыртады [11, 178-191].

Кибербуллингтің пайда болуымен, қорқыту тәулік бойы дерлік сипатқа ие болды, өйткені адам оқу орны, үйді де хабарламалардың, әлеуметтік желілердегі жазбалардың шабуылына тап болады. Бұл қайғылы салдарға да әкелуі мүмкін. Кибербуллингтің мақсаты-жәбірленушінің эмоционалды жағдайын нашарлату немесе оның әлеуметтік қатынастарын бұзу болып табылады [12, 205-224].

Интернет ұзақ уақыт бойы ақпаратты сақтау қасиетіне ие, яғни тексерілмеген стигмалаушы (грек тілінен – «стигма») ақпарат интернет кеңістігінде шексіз сақталуы мүмкін. Балалар мен жасөспірімдердің жас және психофизиологиялық ерекшеліктері, сондай ақ олардың өмірлік тәжірибесінің болмауына байланысты, оларға әлеуметтік желілерде ұсынылған ақпараттардан болуы мүмкін жағдайды бағалауға және болжауға мүмкіндігі бола бермейді. Ақпараттық кеңістікте өзі туралы ұсынылған ақпарат қандай мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін:

- Дербес ақпаратты үшінші тұлғалар пайдалана алады және интернет-қауіпті төндіреді.
- Анонимділік, қауіптердің үздіксіздігі, кері байланыстың болмауы сияқты кибербуллингтің ерекшеліктері баланың мазасыздығы мен депрессиялық жағдайына әкеледі.
- Кибербуллинг интернеттен тыс, қорлаудың басқа көріністері түрінде, агрессор мен қорлау объектісі бір мектепте немесе бір қалада болған кезде де пайда болуы мүмкін [13, 251-257].

Цифрлық орта қауіп-қатер мен қорлауды жүзеге асырудың қосымша кеңістігі болып табылады, яғни интернет қауіпті тудыратын жалғыз фактор деп айта алмаймыз. Балалардың әлеуметтік желілердегі жоғары пайдаланушылық белсенділігі және олардың Интернет-кеңістіктің қауіптілігі туралы аз хабардар болуы балалардың мазасыздығының жоғарылауына әкеліп сонын салдарынан суицидтік мінез-құлық қаупін арттырады. Осыған байланысты, балалар ортасында кибербуллингтің алдын алу бойынша мектептің тәрбиелік әлеуетін күшейту керек. Интернеттегі балаларды қорлаудың өсуі-бұл бүкіл әлемдегі үрдіс, бірақ мектеп оқушыларының желідегі қарым-қатынас қаупін азайту үшін, ең алдымен, мұғалімдер, балалар мен ата-аналар балаға зорлық-зомбылықтың жаһандық тәсілінің қаупін азайту үшін бірлесіп жұмыс істей алатындай етіп, мектептерде педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру қажет [14, 251-252].

Жасөспірімдер ортасында кибербуллингтің алдын алу мен ескертуді қамтамасыз етудегі білім беру ұйымының тәрбиелік әлеуетін дамыту стратегиясының мақсаты балалар мен жасөспірімдердің ең алдымен отбасы өмірінің психоэмоционалды, физикалық, құқықтық және жалпыадамзаттық саулығы болып табылады. Қазіргі уақытта ата-аналар «кибербуллинг» ұғымы

туралы жеткілікті білімге ие емес және балаға интернеттегі қауіптерден қорғануға әрдайым көмектесе алмайды, сондықтан кибербуллингтің алдын-алу және ескерту бойынша бірінші кезектегі міндет ата-аналарға құқықтық білім беруден басталуы керек. Ата-ананың эмоционалды қолдауы маңызды және ең бастысы балаға өзін кибербуллингтен қалай қорғануға болатындығын түсіндіруі тиіс.

Тәрбиешілер мен психологтарға балалар мен жасөспірімдердің мазасыздығын, депрессиясын және суицидтік мінез-құлқын төмендететін факторлар туралы қосымша білім қажет. Мұндай білімдерге өмірге, әсіресе отбасындағы жалпы қанағаттану; баланың психоэмоционалды денсаулығы, сыныптастарымен қарым-қатынас; тұрақты өзін-өзі бағалау және академиялық жетістіктер; болашаққа деген сенімділік, жасөспірімнің жетістіктерін сыныптастары мен тәрбиешілер тарапынан мойындау сияқты факторлар жатады.

Цифрлық технологиялар адам өмір сүретін ортаның ажырамас бөлігіне айналды. Интернет қауіптерімен байланысты тәуекелдерді толығымен жою мүмкін емес. Цифрлық технологияларды пайдаланушының өз қызметінің кез келген саласында және өмірдің әртүрлі жас кезеңдерінде цифрлық кеңістікті қауіпсіз үздіксіз игеру сауаттылығын үйрету қазіргі қоғамның міндеті.

Себебі жасөспірімдер кибербуллингтің ең осал тобы болып табылады. Интернет пен әлеуметтік медиа-бұл балалар агрессиямен және біздің заманымыздың басқа да қиындықтарымен бетпе-бет кездесетін тағы бір кеңістік, бұл қиындықтармен олар шынайы өмірде де кездеседі. Цифрлық ортадағы балаларды әлеуметтендіру-бұл отбасы мен тәрбиешілердің балалардың цифрлық кеңістікті қауіпсіз меңгеруіне көмектесу болып табылады [15, 205-224].

Интернетті және әлеуметтік желілерді бақылаусыз пайдалану, әсіресе жалпы білім беретін мектептің жасөспірімдер ортасында мынандай қайшылықтарды анықтады:

- қазіргі жасөспірімдер өміріндегі киберкеңістіктің рөлінің артуымен, ата-аналар тарапынан жасөспірімдер ортасындағы қорқытудың жай-күйін объективті бағалау қажеттілігі;
- жанжалдарды алдын алу мен ескерту жөніндегі әдістемелік тұжырымдамалар арасында жасөспірімдер ортасында кибербуллингті алдын алу бойынша адамтану технологияларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі білім беру ұйымдарының стратегиясының болмауы.

Жасөспірімдер ортасында кибербуллингтің себептерін анықтау, жасөспірімдер ортасында кибербуллингтің алдын алу бойынша білім беру ұйымының стратегиясын жобалау мәселесін дұрыс және сауатты шешуге мүмкіндік береді. Кибербуллингтің себептерін анықтау үшін, ең алдымен, оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін зерттеу қажет. Себебі жасөспірімдік кезінде құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігі жоғары болады. Өмірде және құрдастар ортасында өз орнын іздеу қарқынды жүреді. Жасөспірім кезіндегі құрдастарымен қарым-қатынастың маңыздылығы болатыны соншалық, бұл қарым-қатынастың бұзылуы жасөспірімнің жеке басының дамуында елеулі мәселелерге әкелуі мүмкін, соның ішінде әсіресе сабақ үлгерімі төмендеп кетуі мүмкін» [16]. Жасөспірім кезіндегі қарым-қатынас оқудан да маңызды сипатқа ие болады, бастауыш сынып оқушыларына қарағанда әлдеқайда мағыналы, күрделі, алуан түрлі болады. Жасөспірімдер үшін құрдастарымен қарым-қатынас жасау ата-аналармен, көршілермен қарым-қатынастан гөрі маңызды болып саналады [17].

Осыған орай буллинг пен кибербуллингтің себебі жасөспірімнің өзіне деген қатынасында көрінетін әлеуметтік қызығушылық болуы мүмкін: үстемдікке ұмтылу немесе субъективті кемшілік сезімі. Сондай-ақ, ол басқаларға қатынасында жағымды да, жағымсыз да көрінеді. Кибербуллингтің себептерін тудыратын басқаларға ерекше қарау мейірімсіздікпен, агрессивтілікпен сипатталады. Бәсекелестік, қызғаныш, кек алу, зұлымдық және басқа да жанжалды мінез-құлық жағдайлары, басқаны қорлау арқылы өзін-өзі көтеру болып табылады [18, 36-38].

Сонымен қорытындылай келе жасөспірімдер ортасында буллинг және кибербуллинг мәселесін шешу үшін білім беру ұйымының тәрбиелік әлеуетін дамытатын стратегия қажет және ол мынандай негізгі бағыттарды қамтуы тиіс:

- буллинг пен кибербуллингтің алдын алуда педагогтардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру;
- мектептің психологиялық-педагогикалық қызметтерінің мамандары балаларға жеке кеңес беру тиіс;
- сыныпта балалар мен жасөспірімдердің жағымды эмоционалды қарым-қатынастарының негіздерін қалыптастыру;
- ата-аналар, мұғалімдер және балаларға құқықтық білім беру;
- білім беру ұйымында ақпараттық қауіпсіздік қызметін құру

Бүгінгі таңда мұғалімдерге, ата-аналарға да тәжірибелік ұсыныстар, әдістер әзірленіп жатыр. Алайда, бұл әдістермен көпшілік жеткілікті түрде хабардар емес және білмейді. Осы тәжірибелік ұсыныстар және әдістемелермен танысу үшін күш салу қажет.

*Мақала BR 185744152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2022-2024 ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ғылым комитетінің бағдарламалық мақсатты қаржыландыру гранттық жобасы аясында орындалды.*

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Санина Е. И., Дегтярев Е. А. Профилактика кибербуллинга как цель социализации подростков в условиях цифровой среды // Проблемы современного педагогического образования. – 2020. – №. 68-4. – С. 141-143.
2. Olweus, D. Bullying at school: What we know what we can do. / New York: Blackwell. - 1993.
3. Токсанбаева<sup>1</sup> Н. Б., Мадалиева З. Б., Санай Г.Е. К вопросу изучения буллинга в подростковой среде // ХАБАРШЫ «Психология» сериясы. – 2020. – Т. 63. – №. 2.
4. Бочавер, А.А. Кибербуллинг: травля в пространстве современных технологий [Электронный ресурс] / А.А. Бочавер, К.Д. Хломов // Журнал Высшей школы экономики. – 2014. – № 3 – с. 177
5. Зорина Н. С. Характеристики кибербуллинга в подростковой среде и способы его профилактики // Закон и право. – 2022. – №. 7. – С. 165-167.
6. <https://hls.kz/wp-content/uploads/2021/02/HBSC-Kazakhstan-report-2018.pdf>
7. <https://news.un.org/ru/story/2019/09/1362342>
8. <https://adaspa.kz/ru/news/analitika/130>
9. Бенгина Е. А., Гришаева С. А. Кибербуллинг как новая форма угрозы психологическому здоровью личности подростка // Вестник университета. – 2018. – №. 2. – С. 153-157.
10. Шинкевич Т. В. Кибербуллинг в подростковой среде как социально-педагогическая проблема // От идеи – к инновации: материалы XXVII международная студенческая научно-практическая конференция, Мозырь. – 2020. – Т. 23. – С. 263-264.
11. Бочавер А.А., Хломов К.Д. Кибербуллинг: травля в пространстве современных технологий // Психология. Журнал Высшей школы экономики. 2014. Т. 11 № 3. С. 178-191.
12. Королева, Д.О. Всегда онлайн: использование мобильных технологий и социальных сетей современными подростками дома и в школе // Вопросы образования. 2016. № 1. С. 205-224.
13. Kim J., Walsh E., Pike K., Thompson E.A. Cyberbullying and victimization and youth suicide risk: the buffering effects of school connectedness // The Journal of School Nursing. 2019. P. 251-257.
14. Kizilcec R.F., Saltarelli A.J., Reich J., Cohen G.L. (2017). Closing global achievement gaps in MOOCs // Science. 2017. Vol. 355. No. P. 251-252.

15. Королева, Д.О. Всегда онлайн: использование мобильных технологий и социальных сетей современными подростками дома и в школе // Вопросы образования. 2016. № 1. С. 205-224.
16. Белкин, А.С. Основы возрастной педагогики / А.С. Белкин // Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 192 с.
17. Баныкина, С.В. Конфликтология в школе. Часть II / С.В. Баныкина // Учебно-методическое пособие для средних общеобразовательных учреждений. – М., 2002 г. – 224 с.
18. Башмакова Е. А., Дегтярев Е. А. Факторы и социальные причины буллинга и кибербуллинга в подростковом возрасте // Проблемы современного педагогического образования. – 2021. – №. 71-1. – С. 36-38.

ОӘЖ 178.94

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙІНІН ДАМУЫ**

**Мошқал Гүлзат Мейірбекқызы**

“Педагогика және психология” мамандығы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 1-курс магистранты,  
Астана, Қазақстан

**Ғылыми жетекші - К.К. Шалгынбаева, п.ғ.д., профессор**

Адамның кез келген әрекеті шоғырлануды және бағыттылықты қажет етеді. Бала ойнай ма, студент оқи ма, жұмысшы жұмыс істеп жатыр ма – кез келген әрекетті жүзеге асырудың алғышарты зейін болып табылады.

Зейін бақылау функциясын орындайды және әсіресе адам жаңа объектілермен, құбылыстармен бетпе-бет келгенде оқыту кезінде қажет. Оқушы да, студент те тума талантты және қабілетті болған жоқ. Егер олардың зейіні жеткіліксіз болса және олар жиі шашыраңқы болса, әрдайым білімде олқылықтар болады.

Зейін тұлғаның жалпы қоры туралы, адамның әлеуметтік бағдары туралы көп нәрсе айта алады. Зейін әр адамның өмірінде үлкен маңызға ие, өйткені бұл процестер біздің барлық ақыл-ойымызды жасайды. Тек зейін ғана бізге қоршаған әлемді қабылдауға мүмкіндік береді. Есте сақтау сияқты басқа да танымдық процестердің дамуы зейіннің даму деңгейіне де байланысты,

ойлау, әртүрлі интеллектуалды қабілеттер.

Зейіннің дамуын зерттеу мәселесі қазір өте өзекті. Бұл, ең алдымен, қазіргі адамдардың өмірінің жеке басына байланысты.

Бастауыш сынып жасында зейінді дамыту ерекше маңызды. Өйткені бала енді жаңа жетекші қызметтерді үйренген кезде, бүкіл ағза өмірдің жаңа ырғағына қайта құрыла бастайды.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау барысында зейін мәселесін көптеген ғалымдар зерттегенін білеміз. Атап айтқанда, Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, Н.Ф.Добрынин, Н.Н.Ланге, А.В.Петровский, С.Л.Рубинштейн, Д.Б.Эльконин және т.б.

Бастауыш сынып жасында балаларда дамудың елеулі резервтері болады. Мектепке барған бала өзінің барлық психикалық танымдық процестерін қалпына келтіре бастайды. Оқытудың әсерінен олар ересектерге тән қасиеттерге ие болады. Олар үшін жаңа психологиялық қасиеттердің болуын талап ететін жаңа қызмет түрлері мен тұлғааралық қатынастар жүйелері енгізіледі. Баланың барлық танымдық процестерінің жалпы сипаттамалары олардың еріктілігі, өнімділігі және тұрақтылығы болуы керек [4, 280].

Оқуда бастауыш сынып оқушысы үшін бәрі бірдей қызығушылық тудырмайды және ол көбінесе оқу пәніне шоғырлануға мәжбүр болады. Осы жастағы көптеген балаларда ойын қызметі әлі де басым. Оқу балалардың назарын аударып баланың шынайы қызығушылығын